Тұсаукесер

# ТҰҒЫРЛЫ ӨЛКЕНІҢ ҚАЛАМГЕР ТҰЛҒАСЫ

Көктіңкөлі ауылында Тілеу Жәкенұлының құрметіне орай «Тұғырлы өлкенің қаламгер тұлғасы» атты шығармашылық кеші өтті. Көктіңкөлі мәдениет үйінің жетекшісі Қоршабекова Бақыттың ұйымдастыруымен және кітапхана қызметкерлерінің қатысуымен өткен дүбірлі кешке Тілеу Жәкенұлының балалары, туыстары, ауылдастары куә болды. Аталмыш кеште Тілеу Жәкенұлының өмірбаяны, шығармалары таныстырылды.

Жәкенов Тілеу Жәкенұлы 1940 жылы 28 сәуірде Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Атасу колхозында дүниеге келген. Атасу колхозында бастауыш мектебін бітірді. Жаңаарқа ауданы орталығындағы Ленин атындағы мектепте оқыды. 1957 жылы Ақмола қаласындағы малдәрігерлік техникумды аяқтап, осы салада еңбек жолын бастап, қызмет атқарды.

Бүгінде Тілеу Жәкенұлы - зейнеткер. Жұбайы Байкенова Мариям екеуі жеті баланы өмірге әкеліп, үлкен азамат етіп тәрбиеледі. Қазіргі таңда 17 немере мен 28 шөберені қызықтап отырған жайы бар.

Зейнеткер демалыста отырса да қолынан қаламы түспеген қаламгер қарияның «...деген екен», «Өмірдің белестері мен елестері», «Қазақ шежіресі», «Жаяу Қара» атты туындылары жарық көрген. Соның бірі кенже ұлы марқұм «Болатқа»:



Болатым, менің Болатым,
Болатым,
Сен жоқта қайырылды-ау менің
қанатым.
Артында қалды-ау кісінеп,
Өзіңнің мінген торы
атың,- деп

басталған өлең жолдарын Қ.Бақыт домбырамен арнау ретінде орындады.

Сахна төрінде Көктіңкөлі ауылының әкімі Қоршабеков Қуаныш Шет ауданы әкімінің арнайы марапатын табыстап, ізгі тілектерін арнап, құрмет көрсетіп, қаламгер иығына шапан жапты.

Атамыздың ауылдастары да ортада жақсы тілектерін арнап шашуларын шашты. Кеш соңында қаламгер атамыздың балалары, немере, шөберелері сахна төрінде бұл кешке атсалысқан жандарға ризашылығын білдірді. Осындай асқар тау әкеміздің адалдық жолымен жүруге тәрбиелеген тәлімін бойына сіңіріп өскен балалары жылы лебіздерін білдіріп, әкелерін мақтан тұтатынын айтты.

**Венера ДУЛАТОВА,**
**немересі.**

Спорт

# ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Жуырда Шымкент қаласында кіші жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты өтіп, 70 келі салмақ дәрежесінде Ақсу-Аюлы ауылы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спортшысы Сайлау Нұрдәулет Мұхитұлы қола жүлдегер атанды.

Жас палуан Нұрдәулетті жеңісімен құттықтай отырып, алдағы уақытта өтетін байрақты бәсекелерде жеңіс тұғырынан көріне беруіне тілектеспіз!

Айта кетейік, аталмыш жарыс 25-30 сәуір аралығында жалғасын таппақ.

**Өз тілшімізден.**



## ҮЙ САТЫЛАДЫ

Ақсу-Аюлы ауылы, Абай көшесі 5 үйдегі, 1-ші қабаттағы №2 пәтер сатылады. Пәтер күрделі жөнделген. Су, (санузел) бар.

Мына телефон номеріне хабарласуларыңызға болады. Ұялы телефон: 87025377036, үй телефоны: 8-710-31-21-1-32.

23.08.2021 жылы қайтыс болған Мусина Батиманың атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй, тел: 87017481127.

12.07. 2021 жылы қайтыс болған Канафина Айгуль Рахманкуловнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй, тел: 87017481127.

Хабарлама

# ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕРДІҢ БІЛІМІ МЕН ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IY "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 33 бабына сәйкес, осы 2022 жылы ұйымдастырылып отырған әскери оқу жиынына Шет ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінде аудан бойынша қордағы әскери міндеттілерді әскери оқу жаттығу жиынына іріктеу және даярлау жұмыс-тары жүргізілуде.

Жиынды өткізудің негізі мақсаты әскери міндеттілердің әскери білімі мен шеберлігін арттыру. Тиісті әскери есептік мамандықтары бойынша әскери шеберлігін жетілдіру.Бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін жетілдіру. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін бүгінгі таңда жаңа әдістемелер бойынша әзірленген әскери міндеттілер қажет. Өз Отанын қорғау, Елбасына, халқына адал қызмет ету әрбір Қазақстан азаматының қасиетті борышы.

Қазіргі таңда заңмен қорғалған әскери жиынның беделі үстем.

**Р.СЕРЕБАЕВ,**
**Шет ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлім бастығы, подполковник.**

# ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

10.06.2022 ж., сағат 11.00-де, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақшатау а.о., Ақшатау кенті, Нұржанов к-сі, 31 мекен-жайы бойынша "Астана-Қарағанды-Балқаш-Алматы", 1666-1740 км автомобиль жолдарын қайта жаңарту кезінде пайдаланылатын Қарағанды облысының Шет ауданында орналасқан «Акшатау-камень1» құрылыс тас учаскесінде жалпы пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме:https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_l1TMVqFqKyTqONXbvg

Конференция идентификаторы: 320 844 9619. Кіру коды: 8dxVkQ.

Жоба бойынша белсенді сілтеме мен құжаттама http://ecoportal.kz/ ресми интернет-ресурста орналастырылады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Концерн Peyil» ЖШС, БСН 170940024290. Мекен-жайы: Алматы қ., Әуезов ауданы, 2-і шағын аудан, 28-А-үй. Тел: +77085216419.

Әзірлеуші: "Жетісу-Жерқойнауы" ЖШС, БСН: 110440009773. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Алмалы көшесі, 6; тел. 87085216419, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Қарағанды облысы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8(7212) 56-81-66. Ресми интернет-ресурс http://ecoportal.kz/ және электрондық мекен-жайы expertiza.upr_krg@mail.ru бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

10.06.2022г., в 11.00 часов, по адресу: Карагандинская область, Шетский район, Акчатауский с.о., поселок Акшатау, ул.Нуржанова 31 будут проводиться общественные слушания методом открытого собрания по проекту «Раздел охраны окружающей среды к Плану горных работ по добыче ОПИ на участке строительного камня «Акшатау-камень-1», расположенном в Шетском районе Карагандинской области, используемом при реконструкции автомобильной дороги «Астана-Караганда-Балхаш-Алматы», км 1666-1740»

В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме.

Ссылка на онлайн конференцию: https://us04web.zoom.us/j/3208449619 ?p wd= jP dW JlD8KqR_l1TMVqFqKyTqONXbvg Идентификатор конференции: 320 844 9619. Код доступа: 8dxVkQ.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Концерн Peyil», БИН 170940024290. Адрес: г.Алматы, Ауэзовский район, микрорайон 2, д.28А. Тел: +77085216419.

Разработчик: ТОО «Жетісу-Жерқойнауы». Реквизиты и контактные данные: БИН:110440009773 , адрес: Алматинская область, Карасайский район, г.Каскелен, ул.Алмалы, 6; тел. +77085216419, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», тел. 8(7212) 56-81-66.

Официальный интернет-ресурс http://ecoportal.kz/ и электронный адрес expertiza.upr_krg@mail.ru по которым общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний.

«Meteor Mining Company KZ (Conduit 21) Ltd.» ЖК Қарағанды облысында 2021 жылғы 5 ақпандағы №1196-EL лицензиясы бойынша 10 блоктар (М-43-122-(10в-5б-25), М-43-122-(10в-5г-4,5), М-43-123-(10а-5а-13,16,17,18,19,21,22)) бойынша жер қойнауы учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары және ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар 2022 жылғы 8 маусымда сағат 10.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Төменгі Қайрақты а.о., Төменгі Қайрақты ауылы, көш. Сухибек Ахметұлы, 1/1 Мәдениет үйі

Қоғамдық тыңдау кезінде онлайн-трансляцияға қосылу сипаттамасы: конференция идентификаторы: 320 844 9619, құпиясөз: 8dxVkQ.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Meteor Mining Company KZ (Conduit 23) Ltd.» ЖК, БСН 210140900152, тел. +7-778-680-00-98

Жоба материалдары сайттарда орналастырылған: https://ecoportal.kz/ және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru

Жобаның материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекен-жай мен нөмір бойынша алуға болады: Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан қ., Есіл ауданы, көш. Д.Қонаев, 12/1, ВП 17, +7-778-680-00-98.

Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сайтында және 100000, Қарағанды қ., Лобода көш., 20; expertiza.upr_krg@mail.ru; тел 7(7212)568-166;

ЧК «Meteor Mining Company KZ (Conduit 21) Ltd.» проводит общественные слушания на План разведки твердых полезных ископаемых на участке недр по 10 блокам (М-43-122-(10в-5б-25), М-43-122-(10в-5г-4,5), М-43-123-(10а-5а-13,16,17,18,19,21,22)) по лицензии №1196-EL от 5 февраля 2021 года в Карагандинской области и Отчет о возможных воздействиях.

Слушания состоятся 8.06.2022 г. в 10.00 ч. по адресу: Карагандинская область, Шетский район, Нижнекайрактинский с.о., с.Нижние Кайракты, ул. Сухибек Ахметулы, 1/1 Дом Культуры

Описание для подключения к онлайн трансляции при прохождении общественного слушания: идентификатор конференции: 320 844 9619 пароль: 8dxVkQ

Инициатор намечаемой деятельности: Частная компания Meteor Mining Company KZ (Conduit 21) Ltd., БИН 210140900162, тел. +7-778-680-00-98.

Материалы проекта размещены на сайтах: https://ecoportal.kz/ и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: Республика Казахстан, г. Нур-Султан, район Есиль, ул. Д. Қонаев, 12/1, ВП 17, +7-778-680-00-98.

Замечания и предложения принимаются: на сайте ecoportal.kz и по адресу г. Караганда, ул. Лободы 20 expertiza.upr_krg@mail.ru; тел 7(7212)56-81-66

Shet shugylasy
Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті
Директор-редактор
**Мейрам Дәулетбекұлы СӘДУАҚАСОВ**

**Құрылтайшысы және меншік иесі:** "Шет аудандық "Шет шұғыласы" газетінің редакциясы ЖШС-і.
**Редакция мекен-жайы:** Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй.
**Газет** аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1784 дана.
**Газеттің** басылу сапасына "Арко" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
**Газет** редакцияда терілің, беттелді. **тел/факс:** 2-11-42, 50-9-03, 50-9-72.
**Эл. пошта:** Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРКО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

**Жосалбай Салтанат Тұяқбайқызы,** жауапты хатшы тел. 50-9-03
**Қасымхан Отыншин,** Ақадыр өңірі бойынша жарнама қабылдаушы тел: 8 7057517898
**Бухгалтерия** тел. 79-0-81

**Газет** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат Министрлігінде 2019 жылдың қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17435-Г куәлігі берілген.